

6D010300—«Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Еркинай Елубайдың «Жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің

## ПІКІРІ

Бүгінгі қоғамның жаһандану мен инновациялық ұтқырлық, технологиялық пен технократтық, ақпараттық цифрлық өзгерістеріне сәйкес қарқынды дамуы мен рухани жаңғыруы жағдайында осы заманауи қағидаттарды жүзеге асыруға білікті мамандардың қажеттілігі артып отыр. Ал бұл болса, олардың осындай өзгешеліктер мен жаңалықтарға жылдам бейімделіп, тез сіңісіп кетуі болашақ педагогтың кәсіби даярлығының жеткілікті және жоғары деңгейінен талап етіледі.

Соның ішінде заманауи педагогтардың білім беруді цифрландыру жағдайына бейімделіп қана қоймай цифрлық педагог деңгейіне көтерілуі аса өзектілікке айналып отыр. Осыған орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1 қыркүйек 2021 жылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «білім беру саласын цифрландырудың маңыздылығы атап өтіліп, сапалы білім беру мен білікті кадрлар даярлау процесін одан әрі жеделдету мақсатында «Үкіметке осы мәселемен, атап айтқанда қашықтан білім беруге қажетті ақпараттық жүйенің сапасын жақсартумен мықтап айналысу», «Цифрлық педагог» білім беру жобасын жүзеге асыру тапсырылған.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымы мен тәжірибесі саласында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне цифрлық педагог даярлаудың теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздерін зерттеуге аса мән берілуде. Олай дейтініміз жоғары мектепте онлайн курстар форматында ұсынылған жеке жұмыстар, мәселен «цифрлық педагог» онлайн курсының бағдарламасы, «цифрлық волонтер» жүйесі жүзеге асырылуда. Осы тәжірибе жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің ғылыми тұрғыдан зерттеп қана қоймай, әдістемелік қамтамасыздандыру қажеттілігін көрсетті.

Осы тұрғыдан жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы артады. Өйткені бүгінгі таңда жаппай ашық онлайн курстарын жоғары педагогикалық оқу орындарына ендіру қажеттілігінің өзектілігі, *бұл біріншіден, екіншіден* болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда жаппай ашық онлайн курстарының контенттік және процессуалдық мазмұнының жоғары мүмкіндіктерінің болуы мен *үшіншіден* отандық ғылымда осы мәселенің



зерттелмеуі докторанттың зерттеу проблемасының көкейкестілігін дәлелдейді.

Елубай Еркинай *зерттеу барысында* білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогты кәсіби даярлау, жаппай ашық онлайн курстарының мәні мен мазмұны қарастырылған шетелдік және отандық әдебиеттерге контент-талдау; «цифрлық педагог» біліктілікті арттыру курстарына талдау жасау; өзінің ой-тұжырымдарын теориялық негіздеу; эмпирикалық зерттеулер жүргізу (сауалнама, әңгімелесу, сұхбат және т.б.), педагогикалық эксперимент; статистикалық өңдеу әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

- теориялық-әдіснамалық талдаулар негізінде болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігі ұғымының мәнін нақтылап, құрамын айқындады және ғылыми тұрғыдан сипаттады. Соның негізінде авторлық анықтамасын ұсынды;

- жаппай ашық онлайн курстарының мәнін айқындады және оның контенттік және процессуалдық мазмұнының сипаттамасын жасады. Жаппай ашық онлайн курстарының болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудағы құралы тұрғысынан негіздеп, оның мүмкіндіктерін анықтады;

- болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курстары арқылы қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін анықтады, құрылымдық-функционалдық моделін жасады;

- болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін жаппай ашық онлайн курстары арқылы қалыптастырудың әдістемесін жасады және оны тәжірибелік-экспериментте апробациядан өткізіп, тиімділігін анықтады.

Ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны оның тараулары мен параграфтарының бір-бірімен тығыз логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай баяндалғанын көрсетеді. Ал бұл болса, докторанттың диссертациялық жұмыс жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

Елубай Еркинайдың жарық көрген еңбектері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (әрі қарай Комитет) талаптарына сай келеді. Оның жарияланымдары Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шетел басылымында (Developing future teachers' digital competence via massive open online courses (MOOCs). Journal of Social Studies Education Research, 2022:13 (2), 170–195.), Комитет тізіміндегі журналдарда, шетелдегі, республикадағы халықаралық конференцияларда басылым көрген.

«Жаппай ашық онлайн курсы жобалау» курсының контенттік және процессуалдық мазмұнын жасауы мен оны университет сайтына жүктеуі және болашақ педагогтарға оқытуы барысында докторант өзінің зерттеу

проблемасының теориясы мен әдіснамасын жетік меңгергендігін көрсетті және белсенділік танытты. Елубай Еркинай диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында білімділігімен, біліктілігімен, зерттеушілік мәдениетімен және адами тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленді.

Сонымен Елубай Еркинайдың «Жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясы дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек, диссертациялық жұмысты «6D010300 –Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесші,  
педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор**



**Абдигапбарова У.М.**

РАСТАЙМЫН:	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ КАДР СЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ:	РУКОВОДИТЕЛЯ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ НАО «КазНПУ им. Абая»
ҚОЛЫ	
ПОДПИСЬ	